

**Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің
докторанты Жакулаев Адил Муратовичтің
8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
«Қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурс»
диссертациялық жұмысына**

ШЕТЕЛДІК ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ

Қазіргі таңдағы ғылыми үдерісте «дискурс» терминін түсіндіруге тырысқан анықтамалар мен аналитикалық зерттеулер өте көп. Ол әлеуметтік өмірдің әртүрлі психикалық және практикалық режимін, соның ішінде виртуалды әлемнің бейнесін көрсетуде де өзекті болып отыр.

Дискурсты талдау шеңберінде зерттеушілер филологияда болып жатқан құбылыстарды сипаттайды, оларға теориялық негіздеме береді. Мысалы, ауызша және жазбаша мәтіннің табиғатын қандайда бір құрылым ретінде және онымен бірге жүретін тілдік құбылыстар ретінде сипаттау, мәтінді дискурс ретінде қабылдауды анықтайды. Тіл білімінде тілді, сөйлеуді объективті шындықтан бөлек қарастыру мүмкін емес деген пікір пайда болды, нәтижесінде пәнаралық тәсіл жасалды, оның жақтаушылары соңғы кездері өз ұстанымдарын нығайтты.

Теориялық лингвистикадан басқа, дискурсты зерттеу компьютерлік лингвистика және жасанды интеллект, психология, философия және логика, әлеуметтану, антропология және этнология, әдебиеттану және семиотика, тарихнама, теология, құқықтану, педагогика, аударма теориясы мен практикасы, коммуникациялық зерттеулер, саясаттану сияқты ғылымдар мен зерттеу бағыттарымен байланысты. Бұл пәндердің әрқайсысы дискурсты өзінше зерттеуге тырысады, олардың кейбіреулері, мысалы, әлеуметтану, лингвистикалық дискурсивті талдауға айтарлықтай әсер етті.

Бүгінгі таңда дискурс ұғымы Еуропа қоғамындағы тарихшылардың еңбектерінде кең түрде таралуда. Мұның мәні тарихшылардың тарихи оқиғалардағы мәтін рөліне көңіл бөлгендіктерінен. Көптеген тарихшыларға оқиғалардың мәтінін зерттеу жаңа тұжырымдар жасауға, оқиғаға шынайы баға беруге ықпалын тигізуде.

Дискурсты интерпретациялаудың теориялық және әдіснамалық тәсілдерінің әр түрлілігі дискурс құбылысының жан-жақтылығын, қазіргі коммуникативті кеңістіктерді зерттеу үшін маңызды.

Осы мәселелерге сәйкес диссертант Жакулаев Адил Муратовичтің «Қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурс» тақырыбындағы зерттеу жұмысы дискурс пен мәтін, әдеби-көркем дискурс, тарихи дискурс төңірегіндегі мәселелердің ойдағыдай шешілуіне септігін тигізері анық.

Зерттеу жұмысында шетелдік және қазақстандық ғалымдардың дискурсқа, көркем дискурсқа, тарихи дискурсқа байланысты әдеби-теориялық зерттеулері, қазақ әдебиетіндегі тарихи дискурсты оқытуға жасаған талдау жұмыстары әдебиеттану ғылымындағы дискурс проблемасының әр түрлі аспектіде

зерттелгендігін, тарихи дискурс категориясының қазақ әдебиетіндегі көріністері бұрын зерделенбегенін және оны оқытудың керектігін байқатады.

Зерттеуші мәтін пен дискурстың ортақ белгілері мен ерекшеліктерін, дискурсты түсіндірудегі лингвистер мен әдебиеттанушылардың ұстанымдарын ғылыми тұрғыдан саралаған. Көркем дискурс ұғымының әдебиеттануға қатысты қолданысын және негізгі критерийлерін нақтылаған. Дискурсты жан-жақты түсіндірудің тәсілдеріне назар аударту барысында оның көпфункционалылығының мәнін анықтауға тырысқан. Диссертанттың өзіндік ғылыми концепциялары диссертациялық жұмыстың әрбір бөлімінде көрінеді.

А.Жакулаев зерттеу жұмысында көркем дискурс табиғатын, тарихи дискурс теориясын зерделеуде ұсынған тұжырымдарын көркем шығарманы талдау барысында қолданған. Әдеби аспектідегі тарихи дискурс ұғымын қарастыру кезінде, көркем туынды мәтінінің ішкі құрылымын зерттеу мен түсіндіруде біршама тың ойлар айтылған. Бұл жұмыстың теориялық және практикалық мәнін танытады.

Қазақ әдебиетіндегі тарихи дискурсты оқытуда, көркем мәтінді оқырманның қабылдау деңгейлерін анықтауда түрлі компьютерлік бағдарламаларды қолдану арқылы эксперимент жұмыстары жүргізілген. Эксперимент нәтижелеріне жасалған анализдер зерттеу жұмысының жаңашылдығын білдіреді.

А.М.Жакулаев зерттеу барысында мынадай нәтижелерге қол жеткізген: дискурс пен мәтін айырмашылықтары көрсетілген; көркем дискурс теориясы зерделенген; тарихи дискурстың типологиялық классификациясы жасалған; тарихи дискурс категориясының ерекшеліктері жан-жақты зерттеліп, негізгі объектілері анықталған; қазақ әдебиетіндегі тарихи оқиғалар туралы романдар мен хикаяттар, әңгімелер әдеби-теориялық тұрғыдан талданған; тарихи шығармалардағы нарратив, аллюзия, реминисценциялар қарастырылған; жоғары оқу орнында білім алушылардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру және әдеби-теориялық білімін шыңдау мақсатында «Қазақ әдебиетіндегі тарихи дискурс» элективті курсының силлабусы әзірленіп, «6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы студенттеріне пән оқытылған; оқырманның көркем мәтінді қабылдау шкаласы ұсынылған және эксперименттік зерттеулермен дәйектелген.

Жалпы диссертанттың зерттеу жұмысында ұсынған тұжырымдары мен қорытындылары теориялық тұрғыдан негізделген, дәлелді және толығымен зерттеу міндеттері орындалған.

Жакулаев Адил Муратовичтің 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша «Қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурс» тақырыбындағы зерттеу жұмысын философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынамын.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Казан федералды университетінің
профессоры, филология ғылымдарының
докторы (Ресей, Қазан)

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РОССИЙСКОЙ ФЕДЕРАЦИИ
ФЕДЕРАЛЬНОЕ АГЕНТСТВО ПО ТЕХНИЧЕСКОМУ РЕГУЛИРОВАНИЮ И МЕТРОЛОГИИ
ФЕДЕРАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ОГРН 1021602641391 ИНСТИТУТ ФИЛОЛОГИИ И МЕЖКУЛЬТУРНОЙ
КОММУНИКАЦИИ
ПОДПИСЬ
Мингазова Л.И. зав. кафедрой
Л.И. Мингазова

Л.И. Мингазова